https://www.facebook.com/photo/?fbid=928980761486665&set=a.100843794300370&__cft__[0]=AZWoN_nQImLwE_hZuno51MT-Y2UDmTxrxOnyS0qkYzqoyhC5vBbxAe2ivOuMoc92aVw9osALs9DoPACB9jwPBHV8Gwr0ffyE0h8Cp-MZMkN4w01SxAnnmqUX0xgRTSVdMYck1A1Pei-XSFZU1Io_VBfphSBZulYzf-Na8iK2gRkMLg&__tn__=EH-R

9-Мамыр-Жеңіс күні Отансүйгіштіктің ерен үлгісін көрсеткен ардагерлеріміздің ерлігі-жастарды патриотизмге бастайтын жарқын жол болып қала бермек. 9 мамыр Жеңіс күніне орай мектеп-лицейіміздің 5 "Г" сынып оқушылары және сынып жетекшісі Темирбекова Тоғжан Мырзатаевна қаламыздағы тыл ардагері Суттибаева Уркентай апайымызға мереке қарсаңында көтеріңкі көңіл күй сыйлап, сый-құрмет көрсетілді.
https://www.facebook.com/100031242482360/videos/1438767200206717/
Ұлы Жеңістің 78 жылдығына «Ұлы Жеңіске-ұрпақтан тағзым!», «Еркін елдің ұланымыз!» тақырыптарында тәрбие сағаттары болып өтті.
28.03.2023ж. "Білім алушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді пайдалану" жұмыс жоспары бойынша көктемгі демалыс уақытында 1-7 сынып оқушылары арасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында білім алушылардың онлайн кітап оқуы ұйымдастырылды.
Мақсаты: Оқушылардың назарын оқуға, кітапқа аудару, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқыған кітаптарын, басқа оқырманның оқуға деген қызығушылығын арттыруда көркем сөзбен шешендікпен жеткізе білу мақсатында өз ойларымен бөлісу.
https://www.facebook.com/100031242482360/videos/pcb.913575643027177/581497687259198?__cft__[0]=AZUO1XfBFW3JtsjhbOlZt6Ic06RWAkRzLRfMfW-9aoVP-9vmSHdvgy7TrtXQXFE7GnKc0LlIvkeUd8xOvOZ0h9Fkd9yQUljQaJMd65C_R5DSbK_S1Xpx1AhTbhTStfbyGX0YTOHZ3punqpcdaon4NJ2FdipT7W57nJ34YBFyxrDRLg&__tn__=*bH-R
Мектеп-лицей оқушылары арасында "Жақсылық жасауға асығайық!" қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/100031242482360/videos/pcb.913458983038843/571876698251514?__cft__[0]=AZX6IvP3Ro-K6n_-rNAGWLe0ylBeN8YeeQ_2j8WMJe8qDyWJi--OIw_En41dP62k89zptZeM0tZRXW-zBjVXioIX05_pE7zCH_9X6AmL2i2fl6Q2m55nC277QsdwnV70F2D-GZHFBypSGt1dhunbpI2cjp2Uj4nw09sswlTvwskuBg&__tn__=*bH-R

**Сегізінші бағыты**: **дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**
Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

03.11.2022 ж. Күзгі демалыс кезінде өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Стретчинг» денені созуға арналған жаттығулар ұйымдастырылды. Іс-шараға 5-7 сынып оқушылар ата-аналарымен қатысты.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=821547702229972&set=pcb.821547755563300&__cft__[0]=AZW7ycR9_yLFd6e5tEDh6O-Pr2dTEdzlEClmT_jnWrNYo-ipeJNr31U7Uyjkj7AL-I_rTl95aANnL60MGplJJjdsx3rkfJbinS1JiiWonA1KskIpja2Vr121lrq_dqeSD829UOUmY7NlKUemefho_hUMybNfuNodkQhdNF_h3_Hr5g&__tn__=*bH-R
11.10.2022 ж. “Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы” атты апталық аясында 4- сынып қыздары арасында “Денім сау болсын десең” атты спорттық жарыс өткізілді.
Мақсаты: Ойын кезінде әділдікке,жолдастық сезімге,ойынды жетілдіруге тәрбиелеу. Балаларға денсаулықтың қадірін,бағалы байлық екенін және оны сақтаудың жолдарын түсіндіру.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=805185170532892&set=a.100843794300370&__cft__[0]=AZUSNzBysHFO6Lpm83Ne68bNeHvtbykjC4eMsYNwInxBROEdAigSEphTqjWJ1zjtLFZt_USjCW4iazv8ehmC30r6wfwykgkvNTo7bfpwoUsTVxGyvo07ebw6Qg_Xvv7oow2P3C3J0cS7Cqe0fvBbEs3rDkGUoJ6ePylP2JdaKrxtFg&__tn__=EH-R
05.01.2023 ж. Қысқы демалыс кезіндегі ұйымдастырылған жоспар аясында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында "Қыс-2023" 6-10 сыныптар арасында  қысқы спорттық ойындар ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=865214274529981&set=pcb.865215111196564&__cft__[0]=AZXVyhjNxDrKSdUiqnd9m5ZzS-8ANiP5zt5YRhnE185bYzTku7NJiiua1NG6Xu8-ho6fbl8YjnofJTHBZa0cBb7NL4pNNTztWt_NgNLX8Q52EEbzOm26Hbio3k236J4gs3OJO8stg2V2pudUhid18BPUQfJmHXb_Yx549k6PJlpmzQ&__tn__=*bH-R
31.01.2023 ж. 5-11-сынып оқушыларымен жасөспірімдердің денсаулығына зиян келтіретін өнімдер (нашақорлық, шылым/ электронды шылым, маскүнемдік, қуанттандырғыш сусындар, СНЮС-конфет және сағыз түріндегі есірткілер) және  оларды пайдалудың алдын алу мақсатында «Салауатты өмір салтын ұстанайық!»,  «Зиянды заттардан аулақ болайық!» тақырыбымен құқықтық ақпараттық сағаттары өткізілді.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=881375239580551&set=pcb.881376109580464&__cft__[0]=AZV-L01TsIyb-XnkIDSGCMjcM_WY1yjtNnCeRZc_43bSpCVGs4AeqjV4kvo9_WRa3g5Anb9KoOJbfDFaeryhhaEsLkLYe-4xV_9Z2zMeSRkqURm5u_mXyAgFsVcIRP6ObRkrho3y4WAeUrMuv1dx8CxzQKGTps6iFvC1XgWUgLLR3g&__tn__=*bH-R
30.03.2023 ж."Шуақты дала - өнегелі бала" тақырыбындағы айлық іс-шара жоспары бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында "Ұлттық спортты қолдайық!" тақырыбында қазақтың ұлттық ойыны-тоғызқұмалақ ойыны ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=914442876273787&set=a.100843794300370&__cft__[0]=AZVn-0V5MzJSp7TNVbSkowYyVY1ggIoSqgZV9NbCrPHN34MFX6NQ79irHh1oeKIuVcPhhQPXYlVUQMd0gjavNmZbcZ0YWqiJSmu4iFiXPkmSYsGBjS6pwEnG9D-hps0zEPXWL1HHh4NzgyqwKSNd7baeSQaeBJpGDByxe3gH7p_RsQ&__tn__=EH-R
12.04.2023 ж. "Шахмат ойнау" челленджі ұйымдастырылды. Мақсаты - оқушылардың интеллектуалдық қабілетін шахмат ойыны арқылы көрсету.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=920985075619567&set=pcb.920983908953017&__cft__[0]=AZWe_GhjSx6ew5rLAZEX8

MttrvEwmhDJ-Whj-krrW8dtzuMFk1qMO49THb-tL0rC_sWQJzjSmEKJXCuJr0r7i1a9Hs-D1xsJamFRDTLCeY-gY_kWL1-3bFXnyoQTgXnVV5UYPS_7df_yAY9frIqz64-q0Jc4spHLCcojkH6TTk7rlQ&__tn__=*bH-R

10.04.2023 ж. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына -124 жыл толуына орай дәстүрлі «Сіздің құрметіңізге біздің жеңіс...» қалалық тоғызқұмалақ жарысы өткізілді.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=920094532375288&set=pcb.920095415708533&__cft__[0]=AZUDAP72mAb21iXl2XQekbnIqdjmKHNuRLNL2Lv989NKazTpVv_-6u9h0XFfS3bCbypNmve0NIeglVXB68NEN3zSLyv-A8f1dRJ9E4-UCjg1RYkVTfGzHVe9YEYVd8Z-AufSNe6zuK_jcGOavYFE3IH-bdG-I1hyxe5XD68RTzhI6A&__tn__=*bH-R

10.04.2023 ж. «Әлем таныған Ұлы тұлға» тақырыбында өткізілетін іс-шаралар жоспары аясында отбасылық құндылықты дәріптеу мен салауатты өмір салтын насихаттауға, «Мектеп-оқушы-ата-ана» үштік жұмысын жандандыру мақсатында 5-6-сыныптардың ата-аналары мен балалары арасында мектепішілік үстел теннисінен жарыс өткізілді.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=920077509043657&set=pcb.920078132376928&__cft__[0]=AZVlRiRhAGcgXXxJOd7uCsto_7JsXwD8YIXqoXjJgdLWBAi37a7CteJW4DSwhHSGIWzWRVSbx5zVpib7gXhzuVVLbCLC6KL_84F6jRli8M1Rebeya24Ytaks7NbvG_rM0Q1cHoLECtWs1QtcLSzOwHntpSHh6i0iAh8smhnHkCzLF2Jk2hfPOegZ32Xv3w_kd88&__tn__=*bH-R

07.04.2023 ж. Дүниежүзілік денсаулық күніне орай ЖИТС орталығының психолог маманы Г.Беспаеваның қатысуымен тренинг өткізілді. Г.Беспаева білім алушыларға АИТВ инфекциясы жайлы түсінік беріп, электрондық темекі мен энергетикалық сусындардың денсаулыққа тигізер кері әсерлері туралы айтты.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=919915469059861&set=pcb.919917122393029&__cft__[0]=AZVsmKts_jZl2a9ZO8CpsAaBpOGEPvWjtOQmvR7SBQpAcF0dsH_MTRqymoX8B7JZvKZgnimvNSG6Ovn6XJ4rUFp5zXEQehvjJHaHrPp0QGNjfrZ3lUJni-bwyPxqQcGi00xvLcrpD_1sv1rOaJxmNEMYgMrtwlksB-jVj2mLABRNyg&__tn__=*bH-R

Мектеп медбикесі Ақылбекова С. Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу мақсатында ашық әңгіме өткізді.

**Құқық бұзушылықтың алдын –алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыс есебі 2022-2023 оқу жылы**

Қазіргі мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі-оқушының жеке басының әлеуметтік-азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар патриотизм мен ұлтаралық қатынасының мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде "Мәңгілік Ел" және "Туған жер" жобалары, "Рухани жаңғыру" бағдарламасы іске асырылады. Тәрбие жұмысының дамуы сынып жетекшілерінің әдіс бірлестігінің жұмысының қарқынды жүруіне байланысты болып келеді.

Мектепте сынып жетекшілердің шығармашылық потенциалын жүзеге асыру үшін жағдай жасау, мектептегі тәрбие процесін теория және тәжірибе бойынша білімдерін көтеру, ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістерінің теориясын үйрену, ұжымдық шығармашылық істерді, сынып іс –шараларын өткізуге, дайындық кезінде көмек көрсету мақсатында - тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас ерекшеліктері бойынша жүзеге асырылады. Мектептегі тәрбие жұмысы әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының

жетекшілігімен ұйымдастырылған.
1. Әр сынып жетекшісінің кәсіби шеберлігін көтеруіне көмек көрсету
2.сыныпта тәрбиенің жүйесін модельдеу үшін сынып жетекшілерде теориялық және тәжірибелік базаны қалыптастыру;
3. оқушылардың тәрбиесіне бірегей принципиалды тәсілдің орындалуын қамтамасыз ету
4.сынып ұжымдарын тәрбие шараларының педагогикалық талдауын, ұйымдастыруын, жоспарлауын үйлестіруі;
5.сынып жетекшілердің жұмысын қызықты іс-тәжірибесін қарастыру және қорыту;
6. педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциалын көтеру;
7. мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігін және сапасын көтеру сынды міндеттері қамти отырып тәрбие жоспар, сынып жетекшілердің жұмысының қызметі құрылды. Сынып жетекшілердің жұмыс жоспарына тәрбие міндеттерін шешуге ықпал ететін, тәрбие мен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыратын нақты іс-шаралар енгізілді. Сынып жетекшілер жоспарланған педагогикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологияларын қолданды.

Әлеуметтік педагогтың тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі құқықтық білімді қалыптастыру және насихаттау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады. Сондықтан құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс құқықтық тәрбие– ерекше бақылауда.

Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі міндеттері:
- сыныптардың әлеуметтік паспортын жасау;
- аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылардың тізімін жасау;
- мектеп бойынша балалар туралы ақпарат жинау;
- "тәуекел тобындағы" оқушыларды және қолайсыз отбасыларды уақытылы анықтау;
- оқушылардың девиантты және асоциалды мінез-құлқының алдын алу;
- білім алушыларды әлеуметтік қорғау, оларды дамыту, тәрбиелеу, білім беру;
- оларға мұқтаж кәмелетке толмағандарға уақытылы әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;
-кәмелетке толмағандарды оқумен, үйірме жұмысымен және спорттық қызметпен қамтумен қамтамасыз ету;
-балаларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-ақпараттық көмек;

Жаңа оқу жылына әлеуметтік педагог сыныптардың әлеуметтік паспортын, аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылардың тізімін жасап, мектептің әлеуметтік паспортын әзірлейді. Мектептің әлеуметтік паспортында аз қамтылған, толық емес отбасылардың, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы, өмірлік қиын жағдайдағы отбасылардың саны туралы мәліметтер; әлеуметтік қауіпті жағдайдағы, сондай-ақ мектепішілік бақылауда, қалалық ЮПТ есбінде тұрған оқушылардың деректер банкі бар. Осылайша, әлеуметтік төлқұжат мектептегі әлеуметтік жағдайды талдауға және бағалауға негіз болатын ақпаратты қамтиды. Негізгі мәліметтерді сынып жетекшілері сыныптардың әлеуметтік паспорттары негізінде ұсынады.

2022-2023 оқу жылында Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінде тізімде қалалық тіркеуде оқушы жоқ, мектепшілік тіркеуде 1 оқушы.
Мектепшілік тіркеуде: 1 оқушы 8 «б» сынып оқушысы 09.12.2021 ж мектеп ережесін орындамағандығы үшін тіркеуге алынды. Аталған оқушымен жекеленген жұмыстар жүргізілді: мектеп әкімшілігі, психолог, мектеп инспекторының қатысуымен профилактикалық кеңес өткізілді. Профилактикалық кеңесте оқушылардың тәртібі, үлгерімі, бос уақыттарын тиімді пайдалануы, үйірмелерге қатысуы қаралды.

25.12.2022 ж «Қысқы каникул кезінде балалардың жұмыспен қамтылуын, демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру туралы», «Балалар қауіпсіздігі» тақырыптары бойынша кездесу өткізілді. Кездесу мақсаты: оқушылардың қысқы каникул кезіндегі сақтауға тиіс қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, өз өмірлеріне жауапты болуға, мұқият және сақ жүруге тәрбиелеу. Қатысқандар: 5-8 сынып оқушылары.

4.02.2022 ж.5-8 сынып оқитын оқушыларға "Бала құқықтары туралы конвенция" тақырыбы аясында презентация көрсетілді. Оқушыларға адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде кеңінен түсіндірілді атап айтқанда әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауы үйретілді. Құқықтық тәрбие беру мақсатында оқушылар өз ойларын таныстырды. Оқушылар өз ойларын жүзеге асыру қабілеттілігін қалыптастыру үшін сурет салу іс-шарасы өткізілді.

-10-11 сынып қыз балаларымен кездесуде «Мен өзімді мақтаймын ...» және стресстік жағдайлардан арылуда көмектесетін тыныс алу жаттығулары жүргізілді.

-«Сыпайы жүр, әдемі күл, жақсы ойла» тақырыбында 5-7 сынып қыз балаларына тренинг жүргізілді.

Девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шараларын жүргізу бойынша жұмыстар:

-«Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында күзгі демалыста 5 сынып оқушыларына арналған психологиялық сағат жүргізілді.

- «Өз көңіл-күйіне ықпал ет, оны жақсарт!» атты тақырыпта 8 сынып оқушыларына арналған тренинг жүргізілді.

-5 сынып оқушыларымен "Менің құқығым" тақырыбында тренинг өткізілді.

05.12.22 ж. 5-11сыныптар арасында «Біз зорлық –зомбылыққа қарсымыз» атты сынып сағаттары өткізілді.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=843172740067468&set=pcb.843173336734075&__cft__[0]=AZUrA7ttV5idyIlhQ1FDgqIAgKJrKdb1kCh92m75oaffYs-bclO30AVq86g5oW9TRbCJby8o7c6OIpotkZQoWlLe8h2wQjHQtwgOqT7nUDu9evw7UdefzIU9df1JxIn4MD8piQRtIGXlnemg5LCAV0YxfchdCWKPuLtIACj1DC8U7A&__tn__=*bH-R

06.12.2022ж 5-7 сыныптар арасында "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" атты тақырыпта сурет байқауы өтті. Оқушыларды толеранттылыққа, адами құндылық қасиеттерін сақтауға баулу. Соңында жеңімпаздар анықталып марапатталды.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=848183522899723&set=pcb.848184332899642&__cft__[0]=AZUKFAKv3-Y2W89nbXZ1yW10QW_M3o0eCyCp3sxsxAG-30yTVVCwFDgEvimi7k2xczlb1vqgl7B10XO6qAg7j79HdglUsGwFiclp5WbTrMxxwYORMbz1XHCkE-YPbmVR97kAE9swM8bXWoaBCQE3pRLVGlLpJBwWy0v-xcFJCb39gA&__tn__=*bH-R

22.12. 2022 ж. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың және зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында құқық қорғау қызметкерлерімен кездесу өтті. Кездесуге Жезқазған қаласы прокуратурасының прокурорлары А.Д.Жақанбай мен С.Ж.Мендібай қатысып, оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың және оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы ашық әңгіме жүргізілді.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=855913005460108&set=pcb.855913198793422&__cft__[0]=AZUYzA4DcXnVTkhzGxWrjHF6_sZnZrN8lVS95Z7l-aKvdv2KFxeY7B0MK3ldGu3xNX8xrQcEx1pDPfA_JWVgIgpRF3rj7VUUdfuofVUZlasIrg7dk

Q0PwaRtzwg3RWJ_t4X9b97K5TC_PbtUs2RZngXVT2YbRVceZzl8qXkb5UfmBg&__tn__=*bH-R
9.04.2021ж «Біз діни экстремизм мен терроризмге қарсымыз" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.
05.04.2023 ж 5-11 сынып қыз балаларымен «Зорлық-зомбылық (жыныстық тиіспеушілік) әрекеттеріне қарсы» профилактикалық танымдық кеңес сағаты өткізілді. Мақсаты: қыз балалардың тәрбиесі, зорлық-зомбылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу, ұлттық, рухани, құқықытық тәрбие бағытын дамыту.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=942540933463981&set=pcb.942382880146453&__cft__[0]=AZVqHwpz6noD7XfUvSHaCLRFSrj-CJv4HjFVu6POJsJshybL3ejAoqYeF2x4faHYfch8CmUS8RHTUjydHefGnVCVngYSq3BhJWJ-S3qSUeyd1dnI4Rf4kPkXUCbr9TKWlMrWQmvmLKJqmD2l6_M5dN68B5q35KHSR_cyHet1VcFaRg&__tn__=*bH-R

**Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген іс шаралар:**

20 қараша Дүниежүзілік балалардың құқықтары күніне орай «Біз өз құқықығымызды білеміз?» тақырыбында 9 сынып оқушылармен дөңгелек стол өткізілді.

**"Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын-алу"** бойынша жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру мақсатында жұмыстар жүргізілді.

**"Тәртіп-тәрбие бастауы, тәртіпсіздік-өміріңнің қас жауы"** тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілері түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында мектеп психологтары **"Тәртіп - тәрбие бастауы, тәртіпсіздік - өміріңнің қас жауы"** тақырыбында тренинг өткізілді.

Оқушыларға түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою, өзара қарым-қатынастарын нығайту, өзіне деген сенімін арттыру және мінез-құлқын, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, сенімділік туралы білімдерін жаттығулар арқылы нығайту, оқушыларды өмір заңдылықтарына төзімді, шыдамды етіп тәрбиелеу мақсатында 9-10 сынып оқушылары арасында **"Өзіңнің қорқынышыңды басқар","Сенімділік күш береді"** тақырыбында тренинг жұмыстары жүргізілді.

9-11 сыныптар арасында **«Біз нашақорлыққа қарсымыз!»** атты тақырыпта есірткі, электронды темекі, шақша секілді зиянды заттардан аулақ болу мақсатында дәрістер өткізіліп, демонстрациялық клиптер көрсетілді. Мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және алғашқы әскери техникалық дайындық мұғалімінің ұйымдастыруымен өткен іс-шаралар барысында оқушылар зиянды заттардың әрқайсысының құрамымен таныстырылды. Осындай заттардың адам ағзасын қалай улайтыны, соңы қандай қасіретке әкеліп соғатыны туралы бейнеклиптер көрсете отырып, әр затқа жеке-жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Балаларға бұл заттарға әуес болмау керектігін мысалдар арқылы көздерін жеткізді.

04.04.2023 ж. Жастар арасында патриоттық сезімін тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 9-11сынып оқушыларымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің қызметкерлерімен кездесу өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=917418702642871&set=pcb.916999206018154&__cft_0]=AZX1L5SkYBTd5mual_QArrhW6If-BNkYGnwtJNSAqK2An7NY1UW5fLPs_hLY7iqUCyEDzxr6h7Uis0h11EEYUdhUJFQTVhRnrDIHChvrc0QG-n0evG5SKbKCIyN_1fEFAUPqEBVSUg-ZFvIERmIRZNag3SSmsKRfKVmvCri4aGB-5Q&__tn__=*bH-R
02.12.22 ж мектебімізде 9-11 сынып қыз балаларымен "Сүйкімділік-дүниенің сұлулығы " атты сырласу сағаты өткізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қаламыздың Орталық Емханасының акушер-гинекологтары Нұрлыбекқызы Ақниет, Баянтаева Аяулым "Репродуктивті денсаулық" жайлы мағлұмат беріп қыз балаларға өз кеңестерін ұсынды.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=841085910276151&set=pcb.841086116942797&__cft__[0]=AZUK90y5eBCwFei9Js79u9R4YEOEhsH2qBxfMmwsXEd2qjwWt_IEaNbQsLvXhY7JreKZzgWfdBAzCwi02PoC1kZizLlJnQYd0EGGb7ZZK59igK2Ob9rNAa5HAFb_gdVqGGilpUoIWiPmaRafvzovHFwh5oanZ72U548f90fufU0hVA&__tn__=*bH-R
04.12.2022 ж. Парламент мүшелері 9-11-сынып оқушыларымен «Ұлдарға өсиет, қыздарға кеңес» сыр-сұхбат сағатын өткізді. Мақсаты оқушылардың тұлғалық, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыта отырып ұлттық құндылықтар негізінде ұл мен қызға тән асыл қасиеттерді ұғындыру.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=842685286782880&set=a.100843794300370&__cft__[0]=AZUw9sPuAbYaya4lkcgr3Bbong7volEo_zP5CSUcLzVShdQREwuRPReMUs3cPzXQRYwSZg7w2kVAXCayyD7DUOh1gC2IiHYuISWvz9lg2cLQk-9-nKfs1vBUc6w2P1WCt2fq0_1oZ7AwzgwqcCjvxIYTbA0JHY44JMgUED0suStQcy3rTWaqHc2c559wdpcA_fc&__tn__=EH-R
07.11. 2022 ж. Мектеп-лицей психологы 5 сынып оқушыларымен жасөспірімдер арасындағы қорлау, зорлық-зомбылық, әлімжеттік, ұрлық, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу мақсатында «Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында психологиялық сағат өткізді.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=824336148617794&set=pcb.824336388617770&__cft__[0]=AZU2RbWivXG-WS8FPyRa-xnJ6Sidq5o29zjKShLmD5l_S6pytG5_o9b9z_3A1sFxwEYEHEzcQtZphmsXebhsp_LPo4KTqlYcjSoZUvByyKf9mXQL8f9S8_zQq4c6Re1v441QEgAbk3KibE7WO2VJwofj3XMT27cwjvl9XVa925sL4Q&__tn__=*bH-R
17.11.2022 ж.мектеп-лицей психологы Г.Оразалина 9 сынып оқушыларымен «Дау-жанжалда өзіңді қалай ұстаған дұрыс?» тақырыбында психологиялық сағат өткізді. Мақсаты: оқушыларды тұлғааралық қақтығыстарды шешудің нұсқалары мен жанжалсыз мінез-құлық негіздерін түсінуге бағыттау арқылы тұлғааралық қатынастардағы қақтығыстардың рөлін көрсету, олардың позициясын, ұсынылған проблема бойынша көзқарастарын тұжырымдап, негіздеуге көмектесу. Қоғамдағы жан-жақты мінез-құлыққа, атап айтқанда тұлғааралық қатынастарға тәрбиелеу.
08.12.2022 ж. «Қазақстан балалары – қысқы ғажайып!» - қысқы каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен қысқы демалыс уақытындағы жеке бас қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында мектеп-лицей психологы Г.Оразалина 7-8 сынып оқушыларымен «Буллинг. Баланың қатыгездіктен қорғалу құқығы» тақырыбында психологиялық сағат өткізді. Мақсаты Оқушыларға салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі-бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін түсіндіру. Кез-келген әлімжеттікке тап болған жағдайда шығу жолдарын ұсыну.

Сонымен қатар мектеп психологы Г.Оразалина кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша психологиялық тұрғыдан көмек көрсету мақсатында іс-шаралар өткізді.

Мақсаты: Баланың бойындағы қорқыныш, үрей түрлерін жеңе білуге, болашаққа сеніммен, үмітпен қарай білуге жағымды психологиялық ықпал жасау. Көтеріңкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу.

2022 – 2023 оқу жылының жылдық жоспары бойынша келесі іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізілді:

13.10.2022 жыл 10-11 сынып қыз балаларымен кездесуде «Мен өзімді мақтаймын ...» және стресстік жағдайлардан арылуда көмектесетін тыныс алу жаттығулары жүргізілді.

Мақсаты: қыз балаларды өзің-өзі бағалауын дамыту және өзіңдік ерекшеліктерін жақсы көруге баулу және оқушыларды стресстік жағдайларды жеңуге үйрету.

14.10.2022 жыл «Сыпайы жүр, әдемі күл, жақсы ойла» тақырыбында 5-7 сынып қыз балаларына тренинг жүргізілді.

Мақсаты: қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез-құлық сипатын, өздеріне деген сенімділіктерін, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

01.11.2022 жылы «Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында күзгі демалыста 5 сынып оқушыларына арналған психологиялық сағат жүргізілді.

Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, зорлық-зомбылық, әлімжеттік, ұрлық, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу.

23.11.2022 жылы «Өз көңіл-күйіне ықпал ет, оны жақсарт!» атты тақырыпта 8 сынып оқушыларына арналған тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Оқушының өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру; Көңіл-күйін жағымды арнаға түсіруге баулу;

23.11.2022 жылы 5 сынып оқушыларымен "Менің құқығым" тақырыбында тренингті әлеуметтік педагог М.Абеновамен өткізілді.

Мақсаты: баланың өзінің құқығы туралы түсінік беру, басқа адамдардың құқығымен байланысы және міндеттері туралы, өз құқығын қорғау және басқа адамадардың құқығын сыйлау дағдыларын қалыптастыру.

Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы-отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру мақсатында мектеп психологтары ата-аналармен тығыз жұмыс жүргізе отырып семинар, тренингтерін жиі өткізеді. Қорыта келе «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз» деп кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай болашақ ұрпақ тәрбиесіне арналып атқарылатын іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**Тәрбие жұмысының әлсіз жақтары:**

• Қосымша білім беру ұйымдарының, шығармашылық бағыттағы ұымдардың оқушыларды қатынас хат арқылы сабақ уақытында сабақтан босатуды талап етулері («Қарақат» студиясы, би ұжымдары, спорттық кешендер);
• «Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымдарының жекелеме жұмыстарын ұйымдастыру;
• Мектеп-лицей оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымдарының, Мектеп парламенті, фракцияларының жұмысының белсенділігінің төмендігі;
• «Қайырымды іс» Қоғамға қызмет еріктілер тобының жұмыстарын жандандыру;

**Шешу жолдары:**

- Тәрбие жұмысы бойынша біліктілігін арттыру курстарына сынып жетекшілерді жіберу;
- Мектеп-лицей оқушыларының өзін-өзі басқару, ұйымдарының, Мектеп парламенті, фракцияларының жұмысын жандандыру, құрамын қайта сайлау;
- Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру;
- Оқушы қыздардың көркіне сай болып, әдептілік пен инабаттылықты бойына сіңіріп тәрбиелеу мақсатында «Сымбат» қыздар клубының, «Ата-ана мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысын жандандыру;
- Еріктілер тобының, Дебат жетекшілерін қайта сайлау;

**Жаңа оқу жылына сынып жетекшілерінің ӘБ өз алдына келесі міндеттерді қояды:**

- Патриоттық тәрбие беру, экологиялық тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, интеллектуалды тәрбие, көркем-эстетикалық тәрбие бойынша әдістемелік жұмысты жалғастыру.

**Тәрбие жұмысын талдай отырып, оң және теріс нәтижелерді ескере отырып,**
**біз 2023-2024 оқу жылында қызметтің келесі аспектілеріне назар аудару керек деген қорытындыға келдік:**

* тарих мұғалімімен бірге өлкетану жұмысын жандандыру қажет;
* кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру, балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту;
* ата-аналарды мектеп өміріне барынша тарту және оларды даму бағдарламасын іске асыруға тарту;
* білім алушыларға қосымша білім беру жүйесін кеңейту, яғни шығармашылық бағыттағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру қажет.